

Халықаралық қаржылық ұйымдардағы Қазақстан Республикасынан басқарушылардың және олардың орынбасарларының жеке құрамы жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының жобалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 25 қаңтар N 134

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы", "Азиялық Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы", "Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы" Жарлықтарының жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығы

Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы

"Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Инвестициялар кепілдігінің көпжақты агенттігіне және Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 26 маусымдағы Z921700_ Заңына сәйкес қ а у л ы е т е м і н :

Ержан Әбілқайырұлы Өтембаев Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің Басқарушысы қызметінен босатылсын.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ораз Әлиұлы Жандосов Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкінің Басқарушысы қызметіне тағайындалсын.

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің

Жарлығы

Азиялық Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесіндегі
Қазақстан Республикасының өкілдері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Азиялық
Даму Банкіне мүшелігі туралы" 1994 жылғы 10 қаңтардағы N 1496 Жарлығына сәйкес
қаулы етемін:

Александр Сергеевич Павлов Қазақстан Республикасынан Азиялық Даму Банкінің
Басқарушысы қызметінен босатылсын.

Жақсыбек Әбдірахметұлы Құлекеев Қазақстан Республикасынан Азиялық Даму
Банкі Басқарушысының орынбасары қызметінен босатылсын.

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Жақсыбек
Әбдірахметұлы Құлекеев Қазақстан Республикасынан Азиялық Даму Банкінің
Басқарушысы қызметіне тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Ерболат Асқарбекұлы Досаев
Қазақстан Республикасынан Азиялық Даму Банкі Басқарушысының орынбасары
қызметіне тағайындалсын.

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы Президентінің
Жарлығы

Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің Басқарушылар
Кеңесіндегі Қазақстан Республикасының өкілдері туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Еуропа Қайта
Жаңарту және Даму Банкіне мүшелігі туралы" 1993 жылғы 25 мамырдағы N 1212
U931212_ Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

Ержан Әбілқайырұлы Өтембаев Қазақстан Республикасынан Еуропа Қайта Жаңарту
және Даму Банкінің Басқарушысы қызметінен босатылсын.

Әнуар Ғалимоллаұлы Сәйденов Қазақстан Республикасынан Еуропа Қайта Жаңарту
және Даму Банкі Басқарушысының орынбасары қызметінен босатылсын.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ораз Әлиұлы
Жандосов Қазақстан Республикасынан Еуропа Қайта Жаңарту және Даму Банкінің
Басқарушысы болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Мұрат
Тиышбекұлы Құдышев Қазақстан Республикасынан Еуропа Қайта Жаңарту және Даму
Банкі Басқарушысының орынбасары болып тағайындалсын.

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК